

Бекітілген
№10 «Құлыншак» бөбекжай- бақшасы
менгерушісі Р.Ұ.Бағытова
№1 педагогикалық кеңесте
08.09.2021 жыл



2021-2022 оқу жылы ересек «Ақбота»тобына арналған «Ойнайық та,ойлайық»
вариативтік компонентінің жылдық перспективалық жоспары

Түсіндірме жазба

Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатуда маңызы зор. Логикалық тапсырмалар, есептер, жұмбақтар, кеңістікті бағытты бағдарлау, сөзжұмбақтар, сандар, таңбалар әлемі, фигуралар мен денелер патшалығы, математикалық ребустар, крассворттар, сиқырлы қапшық, логикалық есептер, графикалық диктант, шамаларды салыстыру, мозайка құрастыру, белсенділікке тәрбиелеу, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру. Сондай-ақ икемділікпен шеберлікке баулу мақсатында пайданылады. Логикалық тапсырмалар арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады.

- Қызығушылығын арттыру.
- Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту.
- Шығармашылық ізденісін дамыту.

Логикалық ойлауы дамыған бала шығармашылыққа, ойлана әркет етуге өзінің іс әрекетін талдауға үйренеді.

Сол себептен балаларға арналған логикалық ойындар, жаттығулар, саусақ жаттығулары, тіл ұстарту жаттығулары осы вариативті жоспарда 36 тақырыппен, айына 4 сабақ, аптасына 1 сабақтан жоспарланған

Вариативтік компонент: «Ойнайық та,ойлайық»

Барлық сағат саны: 36 сағат

Айы Ы	№	Тақырыптар	Мақсаты	Әдіс- тәсілі	Көрнекіліктер
Қыркүйек	1.	Отбасы. Саусақ жаттығуы «Күнге ұқсаймыз» Тіл ұстарту жаттығуы: «Отбасы»	Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Отбасы туралы сурет; Балалардың өз отбасыларының суреттерінен көрме жасау
	2	Сурет бойынша әңгіме.Тіл жаттығуы «Тынымсыз тіл туралы ертегі»	Байланыстыра сөйлеуге баулу. Тіл ұстарту жаттығулары	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша сурет
	3	Күз кереметі. Жемістер.Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар» Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ», «Кірпі»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата білу. Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру	Көрсету Түсіндіру Әңгіме құрастыру	Күз мезгіліне байланысты сурет. Жемістер суреті
	4	Тіл жаттығуы: «Күз» Саусақ жаттығуы «Жаңбыр», «Қолшатыр»	Суретке қарап сөйлемдер құрау.Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикасын дамыту Сөйлем құрылымы туралы түсініктерін кеңейту. Екі, үш сөзден тұратын сөйлемдер құрату	Көрсету Түсіндіру Әңгіме құрастыру	Күз мезгіліне байланысты сурет Кірпінің суреті Жаңбыр туралы сурет, өлең
	5	«Тез-ақырын» Саусақ жаттығуы: «Құстар қанат қағады».	Балаларға тақпақтарды,жаңылтпаштарды тез жән ақырын айтуға үйрету	Әңгімелесу Түсіндіру Қайталау	Құстар суреттері
	6	«Салат» саусақ ойыны «Қимылды қайтала» жаттығу	Қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.	Әңгімелесу Түсіндіру Қайталау	Мазмұнды суреттер
	7	Кім қалай дыбыстайды? «Фигураларды құрастыр» жаттығуы.	Түрліше тембрлік құбылыста айту. Қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.	Әңгімелесу Түсіндіру Қайталау	Мазмұнды суреттер

	8	Жаңылтпаштар айту	Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйрету. Балалардың тілдік аппаратын жетілдіру, жақсы дикциясын қалыптастыру.	Әңгімелесу Түсіндіру Қайталау	Мазмұнды суреттер
Қараша	9	«Қатты-ақырын-сыбырлап» «Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» «Атты тоқтатыңдар» Артикуляциялық жаттығулар	Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету. Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.	Түсіндіру қатты, сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету	Мазмұнды суреттер
	10	«Көңілді тіл» Артикуляциялық жаттығулар «Бас бармақтай балақай» саусақ жаттығуы	Балаларды қойылған сұрақ пен оған қайтарылған жауапты айтушының дауыс ырғағын ажыратуға және оларды жеңіл-желпі ойындық қимылдар жасай білуге үйрету.	Әңгімелесу Түсіндіру Қайталау	Мазмұнды суреттер
	11	«Иә немесе жоқ» ойыны «Кірпі» жаттығуы	Балаларды тәрбиешінің сөзін тыңдауға, берілген сұраққа жауап беруге үйрету.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Ойыншық - қонжық
	12	«Ғажайып қоржын» ойыны «Добым-добым домалақ» саусақ жаттығуы	Балалардың ойыншықты дұрыс және анық атауын қадағалау.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Ойыншықтар
Желтоқсан	13	Менің Қазақстаным. Саусақ жаттығуы «Үй »	Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру. Еліміздің рәміздері, астана туралы түсіндіру	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Рәміздер, Астана туралы бейне ролик

	14	«Қатені тап» ойыны «Санайық жаңаша» саусақ жаттығуы	Балаларға жануарлардың әрекетіне қайшы келетін іс-қимылдарды тапқызу, тапсырманы мұқият тыңдап, жануарлардың қимыл әрекетін дұрыс атауын, сөздерді анық және таза айтуын қадағалау	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Мазмұнды суреттер
	15	«Қимылды қайтала», «Қуырмаш» саусақ жаттығуы	Тілдерін, қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.	Түсіндіру Көрсету Қайталау	«Қуырмаш» өлеңі
	16	«Сөз баста», «Санамақ» ойыны	Балаларға әртүрлі ойыншықтардың ішінен педагогтың айтқан дыбысынан басталатын ойыншықты немесе суретті табуға үйрету, зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту	Түсіндіру Көрсету Қайталау	Ойыншықтар, суреттер
Қаңтар	17	Қысқы еңбек. Саусақ жаттығуы «Мұз бұлақ»	Адамдардың қысқы еңбегімен таныстыру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Үлкендердің еңбегі туралы сурет, бейне ролик
	18	Қысқы тіршілік. Саусақ жаттығуы «Қасқыр»	Қыстап қалатын құстар мен жануарлардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Құстар мен жануарлардың мазмұнды суреттері
	19	Үй жануарлары. «Мысық» саусақ жаттығуы	Үй жануарлары туралы алған түсініктерін тереңдету. Үй жануарларының төлдерін ажыратып айтуға, олардың қалай дыбыстайтынын меңгерту. Үй жануарларын күтуге, қамқор болуға баулу, ересек адамдардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Үй жануарлары туралы слайд, аудио, видео таспалар
	20	«Бас бармақтай балақай» «Қуырмаш»	Балаларды қойылған сұрақ пен оған қайтарылған жауапты айтушының дауыс ырғағын ажыратуға және оларды жеңіл-желпі ойындық қимылдар жасай білуге үйрету.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	«Бақытты балалар» өлеңі

Ақпан	21	«Тыйым сөздер», «Әдепті және әдепсіз қылықтарды талдау» (Сурет бойынша әңгімелеу)	Балаларға мазмұнды суреттер көрсету арқылы әдептілік ұғымын қалыптастыру.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Мазмұнды суреттер
	22	«Менің үйдегі достарым», «Мысық пен тышқан» саусақ жаттығуы	Балалармен өздерінің үйлеріндегі достары туралы әңгімелесу. Саусақ жаттығуы арқылы балалардың жануарларға деген сүйіспеншілігін арттыру.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Мазмұнды суреттер
	23	«Шешуін тап та, ата», «Әдемі күлімде», «Кімге не қажет?»	Балалардың логикалық ойлауларын дамыту.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Алуан түрлі суреттер
	24	«Жыл мезгілдері», «Қолымызды жылытайық» , Ақшақарлар ұшады» саусақ жаттығуы	Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау, жаттығулар арқылы тілдерін дамыту.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Мазмұнды суреттер, ақшақарлар
Наурыз	25	Жабайы аңдар. Саусақ жаттығуы «Қорбаңбай аю» «Қарағайлы ормандағы аю»	Балалардың сөйлеу белсенділігін, өлең сөзімен өз қимылын сәйкестендіре білу икемділігін дамыту, р дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру. Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорларын байыту	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Жабайы аң туралы ертегі слайды, аудио, видео таспалар
	26	«Берілген дыбыспен сөздерді ата», «Әртүрлі сөздерді жинақта», Саусақ жаттығуы «Жаңбыр	Берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. Сөздің бірінші және соңғы дыбысын ажыратып үйрету.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Заттық суреттер
	27	«Сендердің тілектерің – біздің тілегіміз», «Айгүлге серуенге бару үшін не жетіспейді?», Саусақ жаттығуы «Қолшатыр»	Жыл мезгілдеріне сай киімдерді ажырата білуге үйрету. Грамматикалық сөздің құрылысын қалыптастыру	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Жыл мезгілдеріне сай киімдердің суреті

	28	«Қай жерде не бар?», «Нені қайда салады?» (қантты – қант салғышқа және т.б.) , Саусақ жаттығуы «Тыңдамайтын доп»	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Ыдыс аяқ түрлерін ажырата білуге үйрету.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Топтағы ойыншықтар.
Сәуір	29	«Ғарышкерлер», Саусақ жаттығуы «Ұшақ»	Ғарышкерлер туралы түсінік беру, санау дағдылары арқылы балалардың тілін жетілдіру, саусақ қимылдарын дамыту.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Ғарыш, ғарышкерлер, суреттері
	30	Менің сүйікті қалам. Саусақ жаттығуы «Күн мен гүл», Саусақ жаттығуы «Гүл тереміз»	Қала туралы әңгімелеу. Сөйлемдер құрастыру. Сөздерді анық айтқызуды дағдыландыру.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Қала туралы бейне ролик
	31	«Шар жарылды», «Шарды үрле» ойыны	Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға дағдыландыру. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Шарлар
	32	«Қатты-ақырын- сыбырлап», Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар»	Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін түсіндіру	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Бейнетаспа үні
Мамыр	33	Қазақстан- көпұлтты мемлекет. «Достық» жаттығуы «Сабын көбіктері»	Қазақстан- көпұлтты мемлекет екенін , достық, татулық туралы әңгімелеу.Жаттығулар арқылы балаларды дұрыс тыныс алуға үйрету.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Мазмұнды суреттер
	34	Менің достарым. Саусақ жаттығуы «Күн көжек», «Гүл»	Қоршаған орта, достар туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрату	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	«Менің достарым» картинасы
	35	Малдың төлі. «Төлдер айтысы» ертегісі. Саусақ жаттығуы «Бұзауқан»	Ертегіні мазмұндау. Төлдер тақырыбына өлеңдер оқыту. «Төлдер айтысы» ертегісін рөлдерге бөліп, сахналауға үйрету.	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Ертегі желісі бойы нша сахналық қойы лым көрнекілікте рін дайындау
	36	Ауылда. Саусақ жаттығуы « Қошақаным»	Ауыл туралы әңгімелеу	Көрсету Түсіндіру Әңгімелесу	Ауыл туралы бейнеролик, «Қошақан» өлеңі